

"Маңғыстау ауданы әкімиятының 2005 жылғы 24 ақпандағы № 49 "Облыстық дәрежедегі дербес зейнеткерлерді әлеуметтік қолдау туралы" қаулысына өзгерістер енгізу туралы

Күшін жойған

Маңғыстау ауданы әкімдігінің 2011 жылғы 12 сәуірдегі № 87 Қаулысы. Маңғыстау облысының Әділет департаментінде 2011 жылғы 06 мамырда № 11-5-113 тіркелді. Күші жойылды - Маңғыстау облысы Маңғыстау ауданы әкімдігінің 2012 жылғы 07 мамырағы № 92 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Маңғыстау облысы Маңғыстау ауданы әкімдігінің 2012.05.07 № 92 қаулысымен

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін - өзі басқару туралы» және 1998 жылғы 24 наурыздағы "Нормативтік құқықтық актілер туралы" Заңдарына сәйкес аудан әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. «Маңғыстау ауданы әкімиятының 2005 жылғы 24 ақпандағы № 49 «Облыстық дәрежедегі дербес зейнеткерлерді әлеуметтік қолдау туралы» қаулысына (2005 жылы 31 наурызда облыстық әділет департаментінде мемлекеттік тіркеу тізіліміне № 1882 болып тіркелген, аудандық «Жаңа өмір» газетінің 2005 жылғы 13 сәуірдегі № 17-18(9503) санында жарияланған) төмендегідей өзгерістер енгізілсін:

қаулының бірінші абзацындағы «және Маңғыстау аудандық мәслихатының 2004 жылғы 14 желтоқсандағы «2005 жылға арналған аудандық бюджет туралы» № 9/57 шешімін (облыстық әділет департаментінде 2004 жылғы 30 желтоқсанда № 1815 тіркелген) орындау мақсатында» деген сөздер алынып тасталсын;

қаулының 1 - тармағындағы «ай сайын қосымша ақы», 2 - тармағындағы «ай сайынғы қосымша ақы», 3 - тармағындағы «қосымша ақы», 4 - тармағындағы «қосымша ақының ай сайынғы» деген сөздер тиісінше «Конституция күні мерекесі құрметіне берілетін әлеуметтік көмек» деген сөздермен ауыстырылсын;

қаулымен бекітілген Ереженің тақырыбындағы «ай сайынғы қосымша ақы» деген сөздер «Конституция күні мерекесі құрметіне берілетін әлеуметтік көмек» деген сөздермен ауыстырылсын;

қаулымен бекітілген Ереженің бүкіл мәтіні бойынша «ай сайынғы қосымша ақы», «қосымша ақыларды», «қосымша ақы», «қосымша ақыны», «қосымша ақы ай сайын өткен ай үшін», «қосымша ақылар», «өткен айдың қосымша ақыларын», «қосымша ақылардың» деген сөздер тиісінше «Конституция күні мерекесі

құрметіне берілетін әлеуметтік көмек», «Конституция күні мерекесі құрметіне берілетін әлеуметтік көмекті», «Конституция күні мерекесі құрметіне берілетін әлеуметтік көмектің» деген сөздермен ауыстырылсын.

2.Қаулының орындалысын бақылау аудан әкімінің орынбасары Т.Қылаңовқа жүктелсін.

3.Осы қаулы алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі

Қ.Боқанов

« К Е Л І С І Л Д І »

«Маңғыстау аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі» мемлекеттік мекемесінің бастығы
Каимова Сәнімгүл Нақыпқызы

12 сәуір 2011 жыл

«Маңғыстау аудандық экономика және қаржы бөлімі» мемлекеттік мекемесінің бастығының м.а.
Ұзақбай Әсемгүл Жылқыбекқызы

12 сәуір 2011 жыл